

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚАЗАҚСТАН КП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ, ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ЖӘНЕ ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕНУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 201 (9778) 1955 жылғы 9 октябрь Жексенбі

Шығуына 36 жыл.  
жеке саны 20 тыйын.

## БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

СОКП XX СЪЕЗІ ҚҰРМЕТІНДЕГІ СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫСТЫ ӨРІСТЕТЕ БЕРЕЙІК: (1-бет).

Советтік Қазақстанда (1-бет).  
Н. С. Хрущев пен А. И. Микоян жолдастардың америкалық «Гарет және Томас» фирмасының басшысы Росвел Гарст мырсаны қабылдауы (1-бет).

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиу-

мының Указтары (1-бет).

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ: Жас коммунистерді тәрбиелеу — партия ұйымдарының басты міндеті (2-бет).

С. Владимиров. — Алматы — Қазақстанның астанасы (2-бет).

Политехникалық музейдегі жаңа экспонаттар (2-бет).

Облысымызда (3-бет).

ФЕЛЬЕТОН. Т. Есілов, Б. Жоланов. — Алаяқ пен ашық ауыздар (3-бет).

ЖАҢА СОВХОЗДАН ХАТ. Ә. Сүлейменов. — Өзгерген өңірде (3-бет).

Қ. Тілегенов. — Ғылымдағы үлкен жаңалық (4-бет).

Дүние жүзіндегі астаналар мәрлері съезінің жабылуы (4-бет).

Шетелдің хабарлар (4-бет).

## Ауыл-селодағы медициналық мекемелердің жұмысы жақсартылсын

Совет елінде адамдар ең қымбат капитал болып саналады. Сондықтан да бізде барлық адамдар өкелік қамқорлыққа бөленіп, халық шаруашылығы мен мәдениет саласындағы табыстар еңбекшілердің мүдделеріне бағындырылады. Адамдар үшін жасалып отырған қамқорлық олардың денсаулықтарын сақтау жұмыстарына бөлінген қаржыдан да айқын көрінеді. Мәселен, үстіміздегі жылы біздің елімізде денсаулық сақтау орындарының мұқтажы үшін бөлінген қаржы 1950 жылғыдан екі есеге жуық көп.

Бір кезде біздің облысымыздың ауыл-селоларында денсаулық сақтау орындары бірен-саран ғана болған болса, бұл күндері 60-тан астам аурухана, 200-ден астам медициналық және амбулаториялық пункттер, көптеген диспансерлер жұмыс істейді. Тек быйылғы жылдың өзінде ғана облысымызда жаңадан 10 аурухана, 5 фельдшерлік-акушерлік пункттер ашылып, жұмысқа қосылды. Сонымен қатар ауыл-селоларында медициналық мекемелерде жұмыс істеу үшін жоғары және орта дәрежелі арнаулы білімдері бар жүзден астам медицина қызметкерлері келді. Олар тың және тыңайған жерлерді игеріп жатқан патриоттарды медициналық қамту жұмыстарын ойдағыдай ұйымдастыру жолында қажырлылықпен еңбек етіп жүр.

Ауыл-селодағы медициналық мекемелерді дәрі-дәрмектермен, қажетті дәрігерлік аспаптармен қамту жұмысы да жақсарып келеді. Мәселен, Совет ауданында быйылғы жылы ғана ұйымдастырылған Ленин атындағы, Черкасск және «Молодежный» совхоздарында жаңадан ашылған ауруханалар медицина ғылымының ең соңғы табыстарын жүзеге асыратын арнаулы дәрігерлік аспаптармен жабдықталды. Бұл ауруханаларда жұмыс істеу үшін 10 фельдшер және арнаулы білімдері бар 15 дәрігерлер жіберілді.

Тарихи маңызы бар міндетті жүзеге асырып жатқан ауыл шаруашылығы еңбекшілерін медициналық қамту жұмыстарын өзгертіп талаштарға сай ұйымдастырып отырған дәрігерлік қызметкерлер де аз емес. Мәселен, Совет ауданы Ленин

ауданы Қашкөк жолдастың жұмысындағы сүйсінерлік бір жағдай, ол әсіресе еңбекшілерді емдеу-профилактикалық жұмыстарға баса назар аударып, егіншілер мен механизаторлар арасында түрлі медициналық тақырыптарда әңгіме, лекцияларды жиі өткізіп отырады.

Айта кету керек, әлі де болса мемлекеттік аса зор маңызы бар мәселе болып табылатын міндет — халықтың денсаулығын сақтау ісіне немқетті қарап келе жатқан дәрігерлік қызметкерлер де жоқ емес. Бұған мысал ретінде Совет ауданы, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозындағы медициналық пункттің меңгерушісі Степанковтың жұмысын алуға болады. Ол еңбекшілер арасында медициналық жұмыс жүргізу орнына өз шаруашылығымен шұғылданған, оның үстіне маскүнемдікке салынған. Мұнда медициналық пункттің ашық тұрған күндерінен, жабық тұрған уақыты көп. Бұл факті аудандық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі Боркина жолдасқа көптен мәлім болса да ол қажетті шараны қолданбай келеді.

Біздің облысымызға соңғы екі жыл ішінде тың және тыңайған жерлерді игеру шараларын жүзеге асыруға байланысты он мыңдаған патриоттар келді. Олар бұл күндері газырлар бойы пайдаланылмай жатқан далада аса зор маңызы бар ұлы міндетті жүзеге асыруда. Медициналық мекемелердің қызметкерлері бұл патриоттарға дәрігерлік көмек көрсету ісін барынша жақсартып, олардың арасында әртүрлі ауруларға қарсы ем қолдануды, сол сияқты антисанитариялыққа қарсы күресті тиісті дәрежеге көтерулері керек.

Озат медицина ғылымының ең жаңа жетістіктерін тынбастан кеңінен практикаға енгізіп отыру, еңбекшілерге емдеу-профилактикалық қызмет етуді дәйектілікпен және жоспарлы түрде жақсарту — ауыл-селодағы медициналық мекемелер қызметкерлерінің алдында тұрған басты міндет. Медициналық мекемелердің жұмысын жақсартуда қысқа дайындықты ойлап жүйелі жүргізудің де зор маңызы бар.

## СОКП XX СЪЕЗІ ҚҰРМЕТІНДЕГІ СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫСТЫ ӨРІСТЕТЕ БЕРЕЙІК!

### 316 МЫҢ СӨМ ПАЙДА

Қаладағы шағын двигательдер зауытында жаңалықтанқыштардың ұсынысы өндіріске кеңінен енгізілуде. Мәселен, мұнда үстіміздегі жылдың өткен 9 айы ішінде жаңалықтанқыштардың 113 ұсыныстары өндіріске енгізілді. Осының нәтижесінде завод 316 мың сом пайда тапты.

Жуырда заводта жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлерінің творчестволық іздену жолындағы жаңалықтанқыштар бригадасы ұйымдастырылды. Бұл бригаданың құрамында аға қалыптастырушы Ильичев, токарь Некрасов және конструктор Заяреский жолдастар бар. Партияның XX съезіне көрнекті табыстар әзірлеуді көздеген бригада мүшелері алғашқы күннен бастап іске жұмыла кірісті. Бүгінгі еңбек өзінің қуанышты нәтижесін беруде.

### Съезд құрметіне

Шойын кую-таразы зауытының коллективі өндірісте еңбек өнімділігін еселеп арттырып, шығарылатын өнім сапасын жақсартып келеді.

Завод коллективі сегіз айлық өндірістік жоспарды мерзімінен бұрын орындап, жоспардағыдан тыс 619 мың сомның жоғары сапалы өнімін берді.

Бұл күндері зауыттың барлық цехтары мен бригадалары, сменалар мен жеке-кең адамдары партияның XX съезі құрметіндегі социалистік жарысқа ұнтасқан. Бұл жарыста слесарь-құрастыру цехы (бастығы Кишлицын жолдас) коллективі үздік еңбек етіп, өндірістік тапсырмаларды айпан-айға асыра орындауда. Цехтың озат куюшылары Всеволод Насюк, Анастасия Софанеева сияқты жолдастардың сменалық көрсеткіштері бір-жарым, екі нормадан кем болып көрген емес.

В. ҚУСАЙНОВ.

### Комсомолцетер—өндіріс озаттары

Ленин аудандық өндіріс комбинатының коллективі бесінші бесжылдыққа белгі-



Бейнелеу искусствосының Мемлекеттік баспасы шығарған суретші В. Корец-

### ОБЛЫСТА БІРІНШІ

Вильямс атындағы МТС-тің механизаторлары Совет Одағы Коммунистік партиясының XX съезі құрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, быйыл ауылшаруашылық жұмыстарын ұйымшылдықпен жүргізіп келеді. Олар, әсіресе, зябь жұртуды егін жыйнаумен қат-қабат жүргізіп, тракторлардың жұмысқа неғұрлым тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етті.

Келесі жылы егіннен мол өнім алуды қамтамасыз ету мақсатымен МТС-тің әрбір трактор бригадасы бұл жұмысты тәулік бойы тоқтатпастан жүргізді. Мұнда 13940 гектар зябь жұртуды керек еді. 6 октябрьге дейін МТС қамтуындағы колхоздарда 14798 гектар зябь жұртуды жоспар артығымен орындады.

### МТС-те екінші орында

«Путь Ильича» колхозында (Октябрь ауданы) істейтін Ворошилов атындағы МТС-тің № 6 комсомол-жастар бригадасындағы механизаторлар СОКП XX съезі құрметіндегі социалистік жарысқа ұнтасып, зябь жұрту жоспарын күні-күні және сапалы орындауға міндеттенгенді.

Бригада мүшелері алынған міндеттеменің толық орындалуы жолында аянбай еңбектенді. Бригадада зябь күні-түні бірдей жұртты.

Зябь жұртуда жүрген 4 трактор техникалық күтімнің жақсы болуы нәтижесінде бүкіл жұмыс бойына бір де сағат тоқтап көрген емес. Сондықтан да бригада 25 сентябрьге дейін белгіленген жоспар бойынша 1100 гектар орнына, 1530 гектар зябь жұртты. Сойтіп социалистік жарыс қорытындысында зябь жұрту көлемі МТС бойынша екінші орынға ие болды.

Зябь жұртуда тракторшы Ләтін Қоңқаров, Александр Ваис, В. Құсайынов және Ж. Жылқыбаев жолдастар ерекше көзге түсті. Олар сменалық норманы үнемі 150 проценттен орындап, 180—200

атындағы совхоз ауруханасының меңгерушісі М. Головачева, осы аудандағы Полтавка және Рублевка медициналық пункттерінің меңгерушілері З. Мильке, М. Бейсқоева, Ленин ауданындағы «Бірлік» колхозы медициналық пунктінің меңгерушісі Қ. Сақыпов жолдастар егіншілер мен механизаторларға медициналық көмек көрсету ісін барған сайын жақсартып, ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің денсаулығын сақтауға өз күштері мен білімдерін аямай жұмсап келеді.

Преснов ауланы Благовещенно ауруханасының дәрігері А. Кашин жолдасты колхозшылар орынды түрде мақтан етеді. Шынында ол өз жұмысын тек ауруханара жеткен науқастарды емлеумен ғана шектеп отырған жоқ. Сонымен қатар оны ауыл шаруашылығының маусымды жұмыстары кезінде дала қостары мен трактор бригадаларында жиі көруге бо-

ла не совет ұйымдары әрбір медицина мекемесінің қысқа дайындық жұмыстарын ойдағыдай жүргізуге және халыққа медициналық қызмет ету жөніндегі жұмысты барынша жақсарту ісіне басшылық жасауды жандандырулары керек. Олар орын алып отырған жемшілдерді тезінен жоюға және халықтың денсаулығын сақтау жөніндегі жұмыстың барлық жерде де тәртіпке келтірілуіне толық жағдай жасауға тиіс.

Ауыл шаруашылығы еңбекшілеріне дәрігерлік көмек көрсету ісін жақсарту тусу—бүгінгі таңдағы басты міндеттердің бірі. Сонықтан да әрбір медицина мекемесінің бұл салада ойдағыдай жұмыс істеуіне және оның қызметкерлеріне күнделікті қамқорлық жасап отыруға баса назар аудару, кезек күттіруді күтпейтін аса маңызды шаралардың бірі.

ленген өндірістік тапсырмаларды мерзімнен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысты барған сайын өрістетіп түсуде. Мұнда әсіресе комсомолдар еңбекте үздік шығып, басқаларға үлгі болуда. Олардың қатарында А. Шнибренкер, Н. Гасс, Л. Пащенко жолдастар сияқты комсомолдар бар. Смена сайын норманы 100—150 проценттен орындау олардың әдетіне айналған.

Аудандық өндіріс комбинаты коллективі партияның XX съезі құрметіндегі жарыста жоғары көрсеткіштерге жетіп, жылдық тапсырманы 15 декабрьге дейін толық орындап шығуға сәт берді.

Б. ҚАЗАНБАЕВ.

## МАЛШЫЛАР ТАРТУУЫ

Ленин ауданындағы «Новый путь» колхозының колхозшылары СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысына нақтылы қорытынды шығара отырып, мал шаруашылығын өркендетуде бірқатар шаралар белгілеп, оның мұқият жүзеге асырылуын қамтамасыз етіп келеді.

Артель мүшелері мал шаруашылығын өркендетуде бйыл айтарлықтай табыстарға ие болып отыр. Мал өсірудің жоспары әрбір түлкі бойынша артығымен орындалды. Сонымен бірге сыйырлардың

қунарлылығы өткен жылғыдан едәуір артты.

Мұнда, әсіресе, жемшөп қорын әзірлеуге айрықша назар аударылған. Колхозда 25 мың центнер шөп дайындалды. Сонымен бірге мал фермаларында жүгерінің өнімнен 4 мың центнер, күнбағыстың өнімнен 4500 центнер сұрамық әзірленді. Осының барлығын қосып есептегенде әрбір сауын сыйыр үшін қыс маусымына 28 центнер көкшөп және 50 центнер сұрамық әзірленіп отыр.

Р. РАҚЫМОВ.

## Ет, сүт өнімі көбеюде

Полудин ауданындағы «Пламя революции» колхозының колхозшылары бйыл ауыл шаруашылығын өркендетуде үздік табыстарға ие болып отыр.

Колхозшылар мал шаруашылығын өркендетуде жақсы көрсеткішке ие болды. Олар қоғамдық мал шаруашылығына жете назар аудара отырып, мал өсірудің жоспарын толық орындап отыр. Мал шаруашылығының өнімділігі молайды.

Б. ҚАСЕНОВ.

## Н. С. Хрущев пен А. И. Микоян жолдастардың американдық „Гарст және Томас“ фирмасының басшысы Росвел Гарст мырзаны қабылдауы

ЯЛТА, 7 октябрь. (ТАСС). Н. С. Хрущев пен А. И. Микоян жолдастар жүгерінің будан тұқымдарын өсіріп шығаратын американдық «Гарст және Томас» фирмасының басшысы Росвел Гарст мырзаны қабылдап, онымен әңгімелесті.

Қабылдауда ССРО Совхозлар министрі И. А. Бепедиктов жолдас және ССРО Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушы В. В. Мацкевич жолдас болды.

## ҚАЗАҚ ССР ТОҚЫМА ӨНЕРКӘСІП МИНИСТРЛІГІН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ССР ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП МИНИСТРЛІГІН ҚҰРУ ТУРАЛЫ

### Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

ССРО Одақтық-республикалық тоқыма өнеркәсіп министрлігін және ССРО Одақтық-республикалық жеңіл өнеркәсіп министрлігін құру туралы ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1955 жылғы 22 сентябрьдегі Указына сәйкес, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы қаулы етеді:

Қазақ ССР Бөшілік тұтылатын өнеркәсіп товарлар министрлігінің жасіп-орындары мен ұйымдары негізінде Қазақ ССР Одақтық-республикалық Тоқыма өнеркәсіп министрлігі және Қазақ ССР Одақтық-республикалық Жеңіл өнеркәсіп министрлігі құрылып, бұларға Қазақ ССР Министрлер Советі бекіткен тізімдегі жасіпорындар мен ұйымдар берілетін.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **Ж. ТӘШЕНОВ.**  
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Ә. ӘМРИЕВ.**  
Алматы қаласы, 8 октябрь, 1955 жыл.

## И. П. МОРОКИН ЖОЛДАСТЫ ҚАЗАҚ ССР ТОҚЫМА ӨНЕРКӘСІП МИНИСТРІ ЕТІП ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ

### Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Иван Петрович Морозин жолдас Қазақ ССР Тоқыма өнеркәсіп министрі болып тағайындалсын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **Ж. ТӘШЕНОВ.**  
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Ә. ӘМРИЕВ.**  
Алматы қаласы, 8 октябрь, 1955 жыл.

## Ә. ЕРЖАНОВ ЖОЛДАСТЫ ҚАЗАҚ ССР ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП МИНИСТРІ ЕТІП ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ

### Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Әмір Ержанов жолдас Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрі болып тағайындалсын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **Ж. ТӘШЕНОВ.**  
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Ә. ӘМРИЕВ.**  
Алматы қаласы, 8 октябрь, 1955 жыл.

# Советтік Қазақстанда



Гурьев облысы. Әмбі мұнайшылары СОКП-ның XX съезін лайықты қарсы алуда. Мұнда бұрғышы Сағат Иманов жұмыста жоғары көрсеткіштерге ие болды.

СУРЕТТЕ: С. Иманов жұмыс үстінде (ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

## Экономикалық мектеп

ӨСКЕМЕН. Қалалық партия комитетінің инициативасымен комбинаттың қасына ұйымдастырылған екіжылдық экономикалық мектепке адам алу аяқталды. Рафинировщик Шедрин жолдас, технолог Чудинов жолдас және ондаған басқа металлургтер бұл мектепке түсіп, саяси экономиканың және социалистік өнеркәсіптің экономикасын үйренуге тілек білдірді.

(ҚазТАГ).

## Сауда поезының жүрісі

ҚЫЗЫЛОРДА, (ҚазТАГ). Мұнда сауда поезы кезекті сапардан қайтып оралды. Бұл поездда 5 вагон бар. Олардың біріне өнеркәсіп товарлары тиелген, екіншісі азық-түлік товарлары тиелген дүкен, ал үшіншісі —қойма. Май құйған цистерна, мебель және шаруашылық товарлары тиелген тағы бір вагон бар. Поезд Ташкент темір жолының Қызылорда бөліміндегі көптеген далалық станциялар мен разъезде болып қайтты.

## „Біздің шетелдік достарымызға“

ТЕМІРТАУ, (ҚазТАГ). Қазақтың металлургиялық заводының қақпасынан прокат тиелген темір жол құрамы баяу жылжып сыртқа шықты. Платформалардың біреуінің қабырғасына «Біздің шетелдік достарымызға, қазақ металлургтерінен» деген жазу бар. Бұдан басқа Қытай Халық Республикасы деген адрес тұр. Бұл сөздер совет халқы мен халықтық демократия елдері еңбекшілерінің арасындағы ұлы достықты, олардың экономиканы өркендетуіне көмектесуіне тілегін баяндайды. Бұл заводтың коллективі ай сайын Халықтың Қытайдың жаңа құрылыстары мен машина жасайтын заводтарына әртүрлі үлгімен құйылған жүздеген тонна прокат жөнелтіп отырады. Жуырда бұл

Сатушы Дүйсембек Жақанов темір-жолшыларға олардың алдын-ала тапсыруы бойынша даярланған көптеген товарларды апарды. Қызылтаң станциясының бастығы Көкмырзаев жолдасқа ол бір мотоцикл, торғызыншы разъездің жол бригадирі Вижанов жолдасқа, жол мастери Назаров жолдасқа, жетінші разъездің жол шолушысы Жорабеков жолдасқа тігін машиналарын, гардеробтар, столдар, велосипедтер апарып сатты.

жерден бірнеше вагон болат жөнелтілді, енді сортты прокаттың жаңа бір үлкен партиясы жөнелтілейін деп жатыр.

Теміртаудағы жөндеу-механикалық заводтың коллективі құрметті заказдарды орындауда. Сентябрьде ол Қытайдың электр станцияларына дистанциялық басқарудың көптеген колонкаларын, қазандық қондырғыларға арналған әртүрлі бөлшектер және запас бөлшектер жөнелтті.

Теміртау кәсіпорындарында бұл күндері үгітшілер Қытай Халық Республикасының экономика мен мәдениетті дамыту жолындағы жетістіктері туралы әңгімелер өткізуде.

## Ет-консерв комбинатындағы жаңа техника

СЕМЕЙ, (ҚазТАГ). Семейдің Калинин атындағы ет-консерв комбинаты -республикалары ең ірі кәсіпорындардың бірі. Ол кәзір жаппай мал сою маусымына кірісеті. Кәсіпорындарда жаңа техника кеңінен енгізілуде. Май ерітетін автоматтық линия орнатылды, тоназытқышта тез

тоназытатын аппарат орнатылды. Консервке айналдырылатын ет сорпасын шығару өндірісі игерілді.

Комбинаттың коллективі жылдық жоспарды мерзімнен бұрын орындап, тапсырмалан тыс 20 миллион сомдай қосымша өнім беруге міндеттеме алды.



Қостанай облысы. Борковск астық совхозының механизаторлары тың көтеру жоспарын мерзімінен бұрын орындау және агрегаттарды тиімді пайдалану үшін күресуде.

СУРЕТТЕ: № 2 бригадала тракторға жұмыс үстінде жанар майын құйып жатқан кез.

(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

## 42 қасқыр соқпаны

АҚЖӨЛ. (Жамбыл облысы.) (ҚазТАГ). Талас ауданы, Ворошилов атындағы колхозының аңшысы Смайыл Бижібаев алыстағы Күледі дейтін жерге барып қайтты.

Смайыл Бижібаев бйылғы жылы жайылымдағы мал шаруашылығында 42 қасқыр, 34 түлкі соқты, көптеген күзен, суыр ұрып алды. Аудандық «Заготживсырьё» конторы оған сыйлық берді.

# П А Р Т И Я Т У Р М Ы С Ы

## Жас коммунистерді тәрбиелеу — партия ұйымдарының басты міндеті

Қалалық партия комитетінің IV пленумынан

6 октябрьде Петропавл қалалық партия комитетінің кезекті IV пленумы болып өтті. Пленум партия қатарының өсуі және оны реттеу, жас коммунистер арасындағы жұмыс туралы, саяси және ғылыми білімдерді таратуды жақсартудың шаралары туралы мәселелер талқылады.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ҚКП қалалық комитетінің секретары Полипов жолдас баяндама жасады. СОКП XIX съезінің нұсқауларын жүзеге асыра отырып, қала партия ұйымының партия қатарына адамдарды қабылдау, коммунистерді саяси жағынан шыңдау ісін біраз жақсартқанын хабарлады, ол. Бастауыш партия ұйымдарының жыйналыстары мен партия комитеттерінің бюро мәжілістерінде партия қатарына адам алу және жас коммунистерді тәрбиелеу мәселелері жиі талқыланатын болды. Осының нәтижесінде соңғы екі жыл 9 айда СОКП мүшелігіне кандидаттық стажының мерзімдері өтпін кеткен адамдардың саны екіжарым есе қысқарды. Демек, партия ұйымдарының күнбе-күнгі саяси жұмысының нәтижесінде көптеген кандидаттардың партия мүшелігіне қабылдануы қамтамасыз етілді.

Жас коммунистердің барлығы дерлік жыл сайын партия оқуы жүйесіне қамтылып, үйірмелер мен саяси мектептерде, көшкі партия мектептерінде, марксистік-лениндік теорияны өзіңнен оқып, саяси білімдерін үнемі арттырып келеді.

Сонымен қатар, баяндамашы қала партия ұйымы партия қатарына адамдар қабылдау және жас коммунистерді тәрбиелеу ісінде әлі де елеулі кемшіліктерге жол беріп отырғанын атап көрсетті.

Партия қатарына адамдар қабылдау ісіндегі кемшіліктің бірі сол — жетілген партия ұйымдары партия қатарына өту жөнінде арыз бергендердің бәрін қабылдауға тырысады. Мұндай фактілер, әсіресе шойын құю-таразы зауытының, Ішкі істер министрлігінің облыстық басқармасы партия ұйымдарынан орын теңгі. Ал бірқатар партия ұйымдары партия қатарына тек қызметкерлерді ғана қабылдап, олар жұмысшылар мен жоңалықтасқыштарды естен шығарады.

Баяндама бойынша жарыссөзде сөйлеген жолдастар партия қатарына адамдар қабылдауға және жас коммунистерді тәрбиелеуде орын алған кемшіліктердің себептерін анып, ол кемшіліктерді жою жөнінде бағалы ұсыныстар жасады.

—Баяндамада біздің партия ұйымының

бақылау жасады. Соңғы кезде кәсіпорында жұмыстың жайы анағұрлым жақсарды.

Қалалық комсомол комитетінің секретары Марков жолдас өзінің сөзінде комсомол өсебінен партия қатарын толықтыру мәселесіне тоқталды. Ол кейбір партия ұйымдарының, әсіресе құрылыс орындары партия ұйымдарының комсомол ұйымдарының жұмысына басшылығы нашар екені жөнінде айтты.

Темір жол бөлімшесі партия ұйымының секретары Марьясов жолдас бастауыш партия ұйымдарына жергілікті басшылық жасағаны үшін қалалық партия комитетін сынады. Біз Полипов жолдас баяндамасынан, деді шешен, бастауыш партия ұйымының жұмысындағы кемшіліктерді жою жөнінде қалалық комитет тарапынан қандай нақтылы көмек болғаны туралы мағымды ештеңе есті алмадық. Қалалық комитет өзінің күнделікті жұмысында партия ұйымдары секретарьларынан партиялық ішкі жұмыстың практикалық мәселелерін үйрету, кемшіліктерді іс үстінде түзету мәселесіне баса назар аударуы керек.

Осылар сияқты жарыссөзде локомотив депосы партия ұйымының секретары Исаков, Трифанов, Никитин жолдастар сөз сөйлеп, жас коммунистерді тәрбиелеу жөніндегі міндеттерге тоқталды.

Пленумының күн тәртібіндегі екінші мәселе жөнінде баяндама жасаған қалалық партия комитетінің секретары Попов және жарыссөзде сөз сөйлеген жолдастар саяси және ғылыми білімдер тарату жөніндегі қоғамның лекциялық насихатты көңінен өрістетуде маңызды роль атқаратынына ерекше атап көрсетті. Қоғамның облыстық бөлімшесі қала еңбекшілері арасында лекциялық насихатты ұйымдастыру жөнінде бірқатар жұмыс жетеді. Алайда, пленумда атап көрсетілгендей, саяси және ғылыми білімдер тарату жөніндегі қоғамның облыстық бөлімшесі, облыстық лекциялық бюро лекциялардың әртүрлі тақырыптарда, әсіресе еңбек өнімділігін арттыру, ауыр өнеркәсіптің маңызы және басқа осы сияқты өзекті мәселелер жөнінде көптеп оқылуына жетісе алмай келеді. Қалада ғылыми-техникалық мәселелер жөнінде бірде-бір сессия жүмыс істемейді. Қоғамның облыстық бөлімшесі мен облыстық лекциялық бюро оқыған лекциялардың сапасына көп реттерде бақылау жасамайды. Сондықтан бірқатар жерлерде ұйымдастырылған лекциялардың мазмұны жем, тыңдаушылардың алдында тұрған нақтылы мәселелер

## Молдаван ССР-нің колхоздары мен совхоздары сүт, овощ, жеміс дайындаудың және сатып алудың жылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындады

Молдаван ССР-нің колхозшылары, МТС және совхоз қызметкерлері, ауыл шаруашылығының мамандары, СОБП Орталық Комитеті январь Пленумының мал шаруашылық өнімнің өндірісін арттыру туралы тарихи қаулысын орындай отырып, Совет Одағы Коммунистік партиясының XX съезін лайықты қарсы алу жолындағы социалистік жарысты жеңінен өрістетіп, сүт дайындаудың және сатып алудың мемлекеттік жоспарын, мал майын өндірудің жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Мемлекетке, 1954 жылғы осы уақыттағыға қарағанда, 200 мың центнер сүт артық тапсырылды. Республика ауыл шаруашылығының еңбекшілері өз мүмкіншіліктерін есептей отырып, жыл аяғына дейін мемлекетке қосымша кемінде 150 мың центнер сүт тапсыруға және сатуға міндеттенді.

Республиканың колхоздары овощ дайындау және сатып алу жоспарын орындады. Өткен жылғы осы уақыттағыға қарағанда, мемлекетке 18 мың тонна овощ артық тапсырылды. Жоспардан тыс мемлекетке кемінде 15 мың тонна овощ тапсырылады және сатылады.

Республикада эфир майы шығатын дақылдар дайындау жоспары 142 процент орындалды. Бұл дақыл 1954 жылғы осы уақыттағыға қарағанда, 14,5 мың тонна артық өткізді. Мемлекетке жеміс өткізу және сату жоспары 105 процент орындалды. Жыл аяғына дейін мемлекетке қосымша кемінде 8 мың тонна жеміс тапсырылады және сатылады. Сол сияқты, жібек пілпасы мен жүн дайындау жоспары да орындалды. Мемлекетке жүн тапсыру жұмысы әлі жүріп жатыр.

Қазіргі уақытта Молдаван ССР-нің колхозшылары, МТС және совхоз қызметкерлері ет, күнбағыс, жүгері, қант қызылшасы және басқа ауылшаруашылық өнімдерін дайындау және сатып алу жоспарларын мерзімінен бұрын орындау үшін де жүрсуде.

## Краснодар өлкесінің колхоздары мен совхоздары сүт, жүн, овощ және шайдың көк жапырағын дайындаудың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындады

Кубань ауыл шаруашылығының еңбекшілері, партия мен үкметтің ауыл

## Алматы — Қазақстанның астанасы

Алматының орнағанына жүз жыл болды. Бірақ бұл шынында өлі жас қала. Оның жас болатын себебі сол, қаланың жаңа тарихы, жаңадан гүлдеп, көркеюі тек Ұлы Октябрден кейін ғана басталды. Бұдан небірше бірнеше ондаған жыл бұрын шалғай түспірде жатқан шарың қалашық болған жерде қазір Қазақ Советтік Социалистік Республикасының астанасы — жарық сәулелі, көркі жарасқан әсем Алматы құлашып кед жая көркеюде. Мұнда ондаған ірі өнеркәсіп орындары, құрылыстар, архитектуралық ансамбльдер, атқан оқтай түп- түзу асфальтталған проспектілер мен көшелер, жоғалы жайқалған бақтар мен парктер, институттар, мектептер, театрлар бар... Бүгінгі Алматы міне осындай.

Қаланың жедел өсіп отырғанына оның орталық магистралі — Сталин атындағы проспект айқын айғақ бола алады. Тауға қарай көтеріле созылған осы көшенің орталығында бірнеше өкімішілік мекемелерінің — Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының, Қазақстан ЖЖКО Орталық Комитетінің, Қазақстан халық шаруашылығы мен мәдениетінің көптеген салаларына басшылық ететін мемлекеттік бақылау, азық- түлік товарлар, өнеркәсібі, ет және сүт өнімдерінің өнеркәсібі, жәшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлары министрліктерінің және басқа ұйымдарының үйлері орналасқан. Осы көшеге іргедес жерде телефон станциясы, почта, телеграф, радио студиясы тұратын Байланыс үйі Қаспийден Алтайға дейін, Алатаудың етегінен Есімдің жағасына дейін орасан кең жерді еркін алып жатқан Қазақстанның кең байтақ территориясын байланыстың барлық түрлері арқылы республиканың астанасымен жал растырып отыр. Сталин атындағы проспекте Қазақстанның балалар мен жасөспірімдер театры, консерватория, мектептер, тұрғын үй комбинаттары, операция жасап сауықтыратын хирургиялық аурухана және басқалары орналасқан.

Вокзалдан жоғары көтерілгенде осы проспектке іргелес Коминтерн атындағы алаңды көресіз. Осында, жайқалған жас жоғалды сөвердің ортасында қазақ халқының дақты батыр ұлы — Аманжолді Имановқа орнатылған еңселі ескерткіш тұр.

Таудағы уақытта Сталин атындағы проспекте өзінің көлемі мен архитектуралық келбеті жағынан ең көрікті зәулім үй — Үкмет үйі орнайды. Оның аумағы — 100 мың текшеметрден асады, ал биіктігі 40 метр болады. Бұл үйдің негізгі фасады (алды) парадтар, демонстрациялар, халық серуендері өткізілетін алаң жағында болады. Еңселі зәулім үй, граниттен жасалған трибуналар, суы аспанға шапшыған фонтандары болатын террасалар, скульптуралар, ал- қиында

ды оған сайын нығайта беру ісіне қосатын өз үлесін еселеп арттыруға ұмтылуда. Кәсіпорындардың коллективтері съезд қарсаңындағы жарыста жаңа, көтеріңкі міндеттемелер алды. Мұнда «XX лет Октябрю» зауытының, шұға фабрикасының, электротехника зауытының және басқаларының коллективтері алдыңғылардың қатарында келеді. Қаланың өнеркәсібі сегіз айлық өндіріс жоспарын 110 процент орындады. 18 кәсіпорын жалпы өнім шығарудың бесжылдық программасын мерзімінен бұрын орындап болды.



қалмастан түгел оқып, жашпай білім алуда. Олар үшін 60-қа жуық мектеп ашылды.

Қазақстанның астанасы — республиканың ғылыми ой-өрісінің ордасы. Мұнда Қазақ ССР Ғылым академиясы, В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Ғылым академиясының Қазақ филиалы, ондаған ғылыми-зерттеу институттары мен ғылыми мекемелер, Қазақтың С. М. Киров атындағы мемлекеттік университеті және басқа 11 жоғары оқу орны орналасқан. Республика Ғылым академиясының жаңа үйлері астананың елеулі архитектуралық ансамблі болады. Оның негізгі үйі Шевченко көшесінде салынып жатыр, ол келешекте Крассин көшесін бойлай орналасады. Медициналық институттың жаңадан екі үйі салынып, Кен-металлургия институты үйлерінің комплексі өзінің архитектурасы жағынан елеулі құрылыс болып табылады.

Қазақстан астанасының мәдениет тұрмысы алуан салалы әрі мазмұнды. Қалада бірнеше театр, соның ішінде Абай атындағы Мемлекеттік опера және балет театры, Академиялық драма театры, Жамбыл атындағы мемлекеттік филармония, ондаған жұмысшы клубтары бар. 200 мемлекеттік кітапхана және кәсіподақ кітапханасы құрылды.

Қаланың бұдан былайғы даму перспективалары өте тамаша. Алуан түрге бөлініп күйкышқыған, ең көркем табиғаты, жайқалған жоғалы, Іле Алатауының ірге-

Алматы — көркейген, үлкен, қазіргі сінде орналасуы — осының бәрі республиканың астанасын ерекше сәнді, әрі көркем, сүйсінерлік сулу қалаға айналдыру үшін өте қолайлы.

Алматы, көбінесе оңтүстік пен батыс

заводы партия ұйымының секретары Цветков жолдас, — әділ сыналды. Кәсіпорнында аял жұмысшылар көптеп саналады. Алайда партия ұйымы үстіндегі жылы партия қатарына бір адам ғана қабылдады. Біз коммунистерді саяси тәрбиелеу, олардың тәпсірлі жұмысқа жауапкершілігін арттыру ісін өлсіретіп алдық. Коммунистер коммуналдық құрылыс бөлімінің бұрынғы бастығы Крапивиң мемлекеттік мүлкітерді талап-тараққа салды, Гречкоев турмыста азғынды, Архирейский мәсүнемдікке салынып, коммунистерге тән қасиеттен айырылды. Партия ұйымы бұларды партия қатарынан шығаруға мәжбүр болды. Біз коммунистерді тәрбиелеу жөнінде көп жұмыстар жүргізуге тиіспіз. Бұл жұмыста қалалық партия комитеті бастауыш партия ұйымдарына практикалық көмек көрсетіп отыруға міндетті.

Қалалық сауда мекемесінің директоры Савара, темір жол бөлімшесіндегі милиция бөлімі партия ұйымының секретары Зубцов жолдастар көпшілік орындарында тәртіп сақтаудың жайына тоқталды. Қалалық Совет атқомі бұл жөнінде арнаулы қаулы қабылдады. Бірақ ол қаулыны насихаттау жөнінде түсінік жұмыстары жеткіліксіз жүргізіліп отыр.

Аяккім фабрикасы партия ұйымының секретары Бойченко жолдас коммунистердің тәпсірлі жұмысқа жауапкершілігін арттыру жөніндегі партия ұйымының тәжірибесін ортаға салды. Фабрикада партиялық және мемлекеттік тәртіпті бұзушыларға қарсы үнемі күрес жүргізіледі. Бұдан біраз уақыт бұрын фабрика директоры Валишин жолдастың бақылауды өлсіретуі себепті өндірістік жоспарды орындау жөнінде жалған мәліметтер берілді. Партия ұйымы бұл фактіге төре алмады. Валишин жолдастың мәселесі партия жыйналысында талқыланды. Фабрикадағы есеп-хисап жұмысына қатаң

мен байланыстырылмай, жалаң оқылады. Жылу электр орталығы кәсіпорны партия ұйымының секретары Белова және Молжов жолдастардың атап көрсетуімендей, кейбір лекторлар өзінің міндетіне негізетті қарайды. Жақында қоғамның мүшесі Чаева жолдастың физиолог Павловтың өмірі мен қызметі жөнінде оқыған лекциясы тыңдаушылардың тілегін қақпағандығына. Молжов жолдас лекциялық насихаттың мазмұнын жақсарту үшін облыстық газеттердің бетінде оқылған лекциялар жөнінде рецензия жазудың қажеттігін айтты.

Пленумда лекциялық насихатпен шұғылданатын ұйымдардың бір-бірімен тығыз байланысты болуы мәселесіне көп назар аударылды. — Лекциялық насихатты ұйымдастыруда облыстық лекциялық бюро елеулі роль атқаратыны мәлім, — деді Грязев жолдас. — Алайда оның жұмысын ең алдымен облыстық атқару комитеті, оның мәдениет басқармасы жете бағаламайды. Қалалық партия комитеті жөнінде де осыны айтуға болады. Ол кәсіпорындарында лекциялық насихатты ұйымдастыру жөнінде бізбен байланыс жасап көрген емес.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе жөнінде жарыссөзде саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының облыстық бөлімшесінің жауапты секретары Сошников, облыстық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Егоров және басқа жолдастар — барлығы сегіз адам сөз сөйледі.

Пленумының жұмысына облыстық партия комитетінің секретары Омаров жолдас қатынасты.

Пленум күн тәртібіндегі талқыланған мәселелер бойынша нақтылы шаралар белгілеп, қарарлар қабылдады.

Пленум қалалық XXI партия конференциясын үстіндегі жылы 26 ноябрьде шақыру жөнінде қаулы алды.

рыштамаларын жасап шығаруды меңгерді. Ал Ермалаев, Зайцев, Антонов сыяқты коммунистер соңғы екі айда әрқайсысы автостоптың 60 күтін, 2 мыңға жуық ұсақ винттер мен гайкалар және тетіктер жасап шығарды.

Ж. ЕСЕТОВ.

## АЛҒАШҚЫ САБАҚ

Копюхов ауданы «Пролетарское знамя» ауылшаруашылық артелінің бастауыш партия ұйымындағы 12 коммунист СОКП тарихын оқытатын үйірмеге бірінші жыл қатысады. Үйірмеге қатысушылар алғашқы сабаққа келіп, насихатшы Григорьевский жолдастың сабағын тыңдады. Насихатшы Григорьевский жолдас СОКП Орталық Комитеті июль Пленумы-

ның материалдарын тыңдаушыларға мазмұны және түсініксіз етіп өңгімелейді.

Насихатшы өзінің өзінің қызықты ету мақсатымен нақтылы мысалдар келтіріп, бесінші бесжылдықта өнеркәсіптің өркендеуін көрсететін диаграммалармен түсіндіріп отырды. Сабаққа қатысушылар алғашқы тақырыпты аса зейін қойып, ұқыптылықпен тыңдады.

А. ӘБЛОВ.

рихи қаулыларын жүзеге асыра отырып, Совет Одағы Коммунистік партиясының XX съезі құрамындағы социалистік жарысты өрістетте отырып, 1955 жылы 1 октябрыға сүт, жүн, овоц және шайдың көк жапырағын дайындаудың және сатудың мемлекеттік жоспарларын мерзімінен бұрын орындап шықты. Мемлекетке қосымша 18 мың тонна күнбаяғы тұқымын тәпсірлеу жөніндегі алынған міндеттеме артығымен орындалды.

Быйылғы жылы мемлекетке дайындау және сату ретінде, былтырғы жылдың осы уақыттағысына қарағанда, сүт 68400 тонна, жүн 440 тонна, овоц 44200 тонна және шайдың жапырағы 167 тонна артық тәпсірлі және сатылды. Үстіндегі жылы колхоздарда сыйырдан сауылған сүттің жалпы түсімі өткен жылдың осы уақыттағысымен салыстырғанда, 91700 тонна артық болды. Әрбір сыйырдан өткен жылдың осы уақыттағысымен салыстырғанда, 390 килограмм сүт артық сауылды. Қосымша өлкісінің май және сыр өнеркәсібі 9432 тонна мал майын өндіріп, яғни жылдық жоспарда белгіленген мөлшерден 270 тонна артық.

Өлкенің колхоздары мен совхоздары жыл аяғына дейін мемлекетке тағы да кемінде 30 мың тонна сүт, 10 мың тонна овоц тәпсірлі. Қазіргі уақытта колхозшылар, МТС және совхоз қызметкерлері барлық ауылшаруашылық жұмысын ойдағыдай аяқтау үшін күресуде.

## Шаруашылыққа жарамды әрбір жүз гектар жерге

КАУНАС, 7 октябрь. (ТАСС). «Большевик» колхозының мал өсірушілері ауылшаруашылық жылын ойдағыдай аяқтады. Әрбір сыйырдан орта есеппен 3500 килограмнан, өткен жылғыдан 300 килограмм артық, сүт сауылды. Шаруашылыққа жарамды әрбір 100 гектар жерден 370 центнерден — 1960 жылға арналған перспективалы жоспарда қарастырылғанынан едәуір артық, сүт өндірілді.

Сүтті көп саууға малды жақсы бағып-күту және азықтың құнарлы, рациональ өсіру нәтижесінде қол жеткі. Жазда мал өсірушілер сыйырларды көпжылдық шөптермен, көпшілік шөпвейері участогінен алынған сыйыр жоңышқа-сұлы және арпа-сұлы қоспаларымен мол азықтандырды. Күзде малдарға қосымша жүтері көкшөсі берілді.

Мал өсірушілер малды қолда бағу кезінде де сыйырлардың жоғары өнімділігін сақтайды. Әрбір сыйырға 6 тоннадан жүтері сабағы мен жапырағынан дайындалған сүрлем, 3 тоннадан көпжылдық шөптер әзірленді. Сол сыяқты көптеген тамыр жемісті азықтар дайындалады.

Астананың қолхоздары өзінің бәрі орталық алаңның әсем көркін түрлендіріп тұратын болады.

Сталин атындағы проспект жылдан жылға түрленіп, көрікті болып келеді. Оның бүкіл өңбойына асфальт төселген. Мұнда бірнеше сквер бар. Алуан түрлі хош иісті гүлдер өсетін алаң да осыған іргелес.

Алматыда үсті-үстіне жаңа құрылыстар қосылуға. Егер төртінші бесжылдықта астананың күрделі құрылысына 410,2 миллион сом қаржы жұмсалған болса, бесінші бесжылдықта қаланың өнеркәсіп, тұрғын үй және әлеуметтік-мәдени-тұрмыс мекемелерінің құрылысына 1 миллиард 171 миллион сом қаржы бөлінді.

Қазақстанның астанасында машина жасау, жеңіл тамақ өнеркәсіптері, тағы басқа өнеркәсіп салалары құрылды. Қазір қалада 120 кәсіпорын — ауыр машиналар жасау заводы, электротехника, вагон жөндеу, механикалық-қую заводдары, екі тігін фабрикасы, трикотаж, мебель, аяккіім, шұға, темекі фабрикалары және басқа заводтар мен фабрикалар жұмыс істейді. Бұл кәсіпорындарда ондаған мың адамдар еңбек етуде. Алматы маркасының таңбасы басылған алуан түрлі бұйымдар — шахта жабдықтары, приборлар, бұрғылау жабдықтары, байланыс аппаратары, мата, аяккіім, тігуді бұйымдар, тамақ өнімдері өлімді тігудің түсуіне жауапкершілік жатады. Алматы товарлары халықтық демократия елдеріне де жіберіледі.

Совет Одағы Коммунистік партиясының XX съезін лайықты табыспен қарсы алуға әзірлене отырып, Қазақстан астанасының еңбекшілері социалистік Отан-

## Политехникалық музейдегі жаңа экспонаттар

Астананың политехникалық музейі жаңа экспонаттармен толықтырылды. Мұндағы арнаулы залда социалистік индустрияның бірқатар салаларындағы жаңалықтар қойылған. Олар техникалық прогресс жолымен бұл салалардың мықтап алға басқандығын көрсетеді.

Бір естенде сәнді өрнектері жарқырап, «ТЭ—3» тепловозының макеті тұр. Электровоз сыяқты, ол да біздің темір жол транспортымыздың ертеңгі күнін бейнелейді. Оның жалпы қуаты 4 мың аттың күшіндей екі секция 3,5—4 мың тонналық салмағы бар ауыр поездарды жүргізуге мүмкіндік береді.

Тепловоздың макетінің қасында «2—4—2» жолаушылар паровозының үлгісі тұр. Бұл Коломенскийдегі Куйбышев атындағы паровоз жасайтын заводтың мерзенті. Машинаның салмағы 130 тонна. Теңдерімен қосқанда оның ұзындығы 30 метрге жақындайды. Бұл паровоз сағатына 125 километрге дейін жүреді.

Деталдардың дәлме-дәлдігін бақылауды автоматтандыру проблемасы халық шаруашылығында зор маңыз алады. Автоматтық бақылау құралдарының жаңа

түрғын үйлер қоры сан есе өсті. Соңғы жылдардың өзінде ғана жүздеген мың шаршыметр тұрғын үйлер пайдалануға берілді. Мынаны атап айтсақ та жеткілікті: төртінші бесжылдықта тұрғын үйлер салуға 74,6 миллион сом қаржы босатылған еді, ал 1955 жылдың өзінде ғана нақ осы мақсатқа 101 миллион сом қаржы жұмсалғалы отыр.

Қаланың шет аймақтары тәымастай болып өзгеріп келеді. Алматыны көркейтуде, оның құрылыстарына бөлінген қаржының едәуір бөлігі дәл осы қаланы көркейте түсу қажеттеріне жұмсалуда.

Көшелері, тротуарларды, алаңдарды көркейту жөнінде зор жұмыстар жүргізілуде. Комсомол және Ташкент көшелеріне ол шеті мен бұл шетіне дейін тегіс асфальт төселді. Артиллерия көшесі Ленин проспектінен Держинский көшесіне дейін асфальтталды. Сонымен қатар Бейбітшілік көшесі де Калинин мен Горький көшелерінің арасындағы участкаға асфальтпен қапталды. Шампан шарабы заводына дейінгі көше тұтас асфальтталып, мұнда бйыл троллейбус жүргелі отыр.

Бау-баушалы қала деген даңқын ақтай отырып, Қазақстан астанасы өзінің көгалды көркін ұлғайта түсуде. Әрбір көктем мен күзде туған қаланың көшелерінде ондаған мың ағаштар отырғызу алматылықтардың итілісті дәстүріне айналды. Алматыда бақ өсіру және көгалдандыру жөнінде ерікті қоғам құрылып, ол жұмыс істеуде.

Революцияға дейінгі Верныйде (Алматы бұрын осылай деп аталған болатын) мектеп жасындағы әрбір жүз баладан небәрі 6—7 бала ғана оқыттың еді. Қазір мектеп жасындағы балалардың бірі

лық жағынан неғұрлым жақсы деп саналатын территорияның есебімен өсіп, ұлғая түсуде. Оңтүстік жақта қала «Горный гигант» және «Вторая пятилетка» жолхоздарының шекараларына дейін, ал батыста — Үлкен Алматына өзеніне дейін ұлғаяды. Алматының территориясы таяудағы жылдарда 12 мың гектар шамасында болуға тиіс.

Алматының архитектуралық бейнесінің совет заманында түбірінен өзгеруі социалистік қала құрылысының принциптерін айқын бейнелейді.

Қазақстанның еңбекшілері өзінің астанасын — республиканың саяси, өнеркәсіп және мәдени орталығын, миаулы көгал қаласын орындау мақтан етеді.

Қалада жасалған тамаша өзгерістер Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің Қазақстан еңбекшілеріне тынбастан жасап отырған қамқорлығы арқасында ұлы өрыс халқының және Совет Одағының басқа да халықтарының туысқандық көмегі арқасында мүмкін болды.

Алматылықтар өз қаласын зор сүйіспеншілікпен көркейтті, оны жаңа құрылыстармен толықтырды. Олар Коммунистік партия мен Совет Үкметінің ұдайы жасап отырған әжелік қамқорлығына еңбекте жеткен жаңа табыстарымен жауап беруде, өйткені қаланың даңқы — халықтың итілігін көздеген жемісті творчестволық жұмыста екенін олар жақсы біледі.

С. ВЛАДИМИРОВ.

СУРЕТТЕРДЕ: (жоғарыда) Алматының Мемлекеттік консерваториясы, (төменде) Сталин проспектісі. Еңбекшілер депутаттарының Алматы қалалық Советінің үйі.

(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

бұл турбинаның жылжымалы субъекті жұмысын доғарлары бар. Мұның өзі оның үнемділігін едәуір арттырады. Әрбір секунд сайын осы жүректерге 700 текнеметр су соғылады.

Авиация өнеркәсібі министрлігінің кәсіпорындарынан қойылған экспонаттар да өрекше көңіл аударады. Мұнда түсті қорытындыларды ауаның қысымымен құю сыяқты прогрессивтік әдіс көңінен қолданылады. Мұның өзі металлдың шығынын 60 процент кемітеді, ал деталь шығарудың қыйындығын 6-8 рет оңайлатады. Жалпы машина жасау министрлігінің кәсіпорындары поршндік қысыммен болат құюдың практикасын кең түрде енгізген. Бұл түсті металлдан бөлшектер құюдың қыйындығын 20 есе жеңілдетуге мүмкіндік берді.

Музейдің жаңа экспонаттары қатарында мол өнімді, электр ұшқыңды жарытпай автоматтар, автоматтық бақылау аппараттарының ондаған үлгілері, органикалық әйнектен жасалған жаңа материалдар, тағысың тағылар, қойылған.

(ТАСС).

### КУЗГІ ЖОЛ

Мақсатқа қарай тартқандай,  
Пректелген күзгі жол.  
Жаныңа жыр айтқандай,  
Сыбырлап мынау өгін мол.

Астық тиеп әдетің,  
Машинада, рольде,  
Келеді шофер тездетіп,  
Асады қырдан жол тездө.

Көркем орман, даламыз,  
Көрінгі жас көңілдей.  
Ала жүйіткіп барамыз,  
Бүгінгі жүйрік өмірдей.

Ғалым МАЛДЫБАЕВ.

### Колхоз көлі

Бек жияқпен алтын күн,  
Бөтеріле төкті нұр.  
Жыршысындай өмірің,  
Таң бұлбұлы сайрап тұр.

Бейне кілем түріндей,  
Күлшыра түсті айнала.  
Жанға жайлы сүйкімді,  
Есті самал жай ғана.

Жатыр шалқып алдымда,  
Колхоз көлі Айымжан.  
Қарасаң көз тұнады.  
Қалың егін, қайыңнан.

Еңбекке жастар жүзі шат,  
Атанды ерте ауылдан.  
Барады жолды жағалап,  
Сыңғырлай күліп, шырқап ән.

Байлық бақыт түр сенің,  
Ауылыңда Айымжан,  
Ойда өссе егінің,  
Қырда малың жайылған.

Рахметолла УӘЛИЕВ.

### Парторг

Тапсырғаның істететің,  
Бөңілді және жайдары, есті.  
Жаныңды сенің билейді еркін,  
Ақылды сөзі жігерлі, күшті.

Үлкен-кіші, ұл-қызына,  
Мейірімі түгел жеткен,  
Секілді бір ғазиз ана,  
Бәрімізді еркелеткен.

Көңілің тауып әр адамның,  
Еңбекке деген ынтасын қайрап,  
Достарының ұғып жанын,  
Солар үшін қамқорлық ойлап—

Жүретұғын қадірлеп көпті,  
Жақсы көріп туысындай.  
Ол досымыз шын құрметті,  
Әрі ұстаз, әрі ағай.

Ә. ДӘУРЕНОВ.

Кездесерміз сол үйде...



★  
Чистов астық совхозының сауыншысы Анна Ефимовна Титова өткен жылғы 1 октябрыдан осы жылғы 1 септябрьге дейін өзіне бекітіліп берілген 12 сауын сыйырдың әрқайсысынан 2384 литрден сүт сауып, алынған төлдерді шығынсыз өсірді. Совхоздың озат сауыншысы А. Титова жолдас жайылымда жүрген сыйырлардың келуін күтіп тұр (оң жақтағы сурет).  
Петропавл ауданының Димитров атындағы колхозы быйыл 2 гектар алаңға малазығындық салқам егіп, одан жақсы өнім алды. —Овощ звеносының есепшісі Е. Инютина жолдас колхоз огородында өсірілген малазығындық салқамды жыйнап алуға көмектесіп жүр (сол жақтағы сурет).  
Суреттерді түсірген А. Розенштейн.  
★



### Аудандық Мәдениет үйінде

Преснов аудандық Мәдениет үйі 1953 жылдан бері ауыл-село көркемөнерпаздарының байқауында республика және облыс бойынша бірінші орынға ие болып келеді.  
Мәдениет үйі көзір ауыл-село көркемөнерпаздарының ноябрь айында өткізілетін республикалық байқауына қызу дайындалып жатыр.  
Мәдениет үйі тың және тыңайған жерлерді игерушілердің ансамблін ұйымдастырды. Сонымен қатар Молотов атындағы колхоз сауыншыларының күшімен ән-би монтажы да ұйымдастырылып отыр. Бұл коллективтің құрамындағы 30 адамның ішінде Г. Ирина, О. Рудакова, И. Таранова, И. Зайберг, Э. Шмидт сыяқты сауыншылар бар.  
Көркемөнерпаздардың республикалық байқауына бұл коллектив өздерінің бұрынғы репертуарларын елімізде тың жерлерді игеру мәселесімен байланысты туған жаңа әндермен, тақпақтармен толықтырды. Байқауға дайындыққа Вуденный атындағы совхоздың, «Красный партизан» және Молотов атындағы колхоздардың жастары белсене қатысып жүр.  
Аудандық Мәдениет үйі алдағы байқауда да жаңа табыстарға жетіп, жұртшылығымыздың алдында облыс еңбекшілері мәдениетінің күн сайын артып отырғандығын тағы да көрсетіп бере алмақ.  
В. ДРОБЫШЕВ,  
Аудандық Мәдениет үйінің директоры.

### ҚҰРЫЛЫС УЧАСТОГІНДЕ

Жол құрылысы тресінің Петропавл участогінде жаңа техника мен озат тәжірибені өндіріске кеңінен енгізу құрылысшыларға бірқатар құрылыс алаңдарында индустриалдық әдісті қолдануға мүмкіндік берді. Көзір мұнда шпукатурлау, сырлау жұмыстары механикаландырылған, үйдің іргелерін салуға котлован қазылу да.  
Құрылыс участогі июнь, июль, август айларында жаңа үйлер салу жоспарын асыра орындап, құрылыстың өзіндік құнын 20 процент кемітті. Өндіріс процестерін механикаландырудың нәтижесінде мұнда еңбек өнімділігі үздіксіз артауда. Август айында әрбір жұмысшыға шаққанда еңбек өнімділігі 164 процентке дейін өсті.

### ЖАС МАМАНДАР

Жуырда облысымыздың колхоздары мен совхоздарында жұмыс істеу үшін быйыл жоғары оқу орнын бітірген 21 агроном, күндері Суворов МТС-інде бас агроном болып істейді. Ал Харьковтің ауыл шаруашылығын механикаландыру институтының түлегі

### Жаңа астық қоймасы

Ленин атындағы колхоздың (Соколов ауданы) мүшелері жуырда астық қоймасын салуды аяқтады. Бұл қоймада мыңдаған центнер астық сақталатын болады.  
Жаңа құрылысты салуда А. Зверев Е. Елнин, А. Гарбинова жолдастар қажырлы еңбек етті.  
М. ӘЛИЕВ.

### Мамандар колхоздарға баруда

Преснов ауданының ауылшаруашылық мамандары партияның шақыруы бойынша МТС штабынан шығып, колхозға мүше болып кіруге тілек білдіруде. Мәселен, Преснов МТС-нің бас агрономы Соколов, Маленков атындағы колхозда жұмыс істейтін агроном Семейнина, «Организованный труд» колхозының агрономы Денисенко жолдастар колхозға мүше болып кіруге арыз берді.  
Т. КӘРІМОВ.

### Қызықты концерт

Конюхов аудандық

### ФЕЛЬЕТОН

## Алаяқ пен ашық ауыздар

Булаев аудандық мемлекеттік банктің бас бухгалтері Николай Пороховскийдің жатса түсінен, тұрса есінен кетпейтін арманы — ақша еді.  
—Қайтсем ақшаны көп аламын, қайтсем баймын, — деген пікір оны күндіз күлжіден, түнде ұйқыдан айырды. Осы мақсаттың құшағына кірген ол пайдалы орын іздеп, аз жерді шарлаған жоқ. Бірақ құлқыны үшін құл болған ол бұл жерлердің бірінде де тұрақтай алмады.  
—Ақшалы орын болар, — деп Омек облысының Называев аудандық мемлекеттік банкіне қызметке кіріп еді, арамдығы әшкереленіп, алты айдан соң онан қуылды. Жамап атағы шығып қалып, Омек облысынан орын таба алмайтын болған соң, «ізімді суытайын» деген оймен өзі алыс деп ойлайтын Архангель облысына барды. Бұл жерде де ұзақ тұрақтай алмай, Молотов қаласына келді. Мұндағы металл өңдейтін заводқа есепші болып орналасты да, көп кешікпей «еңбек мүгедегі» деген қағаз түсіріп алып, айына 170 сом пенсия алып отырды.

Арамдық пен алдау Пороховскийді абройға жеткізбеді. Көп кешікпей, оның мемлекетті алдап, ақша алып жүргені әшкереленді. Бірақ түлжіден де жу есеппі бұл арадан да өбін тауып жылысып кетті. Жай кепкен жоқ, мемлекеттен үш мың сомға жуық ақшаны жымқыра кетті. Енді аз уақыттан соң ол Солтүстік Қазақстан облысының Булаев ауданынан бір-ақ шықты.  
—Оң жыл бойы ақша жүйесінде істеген бас бухгалтермін, — деп жыпылдаты ол аудандық финанс бөлімінің меңгерушісі Зайцевке. — Қазақстанды жаным сүйеді, сондықтан да осында қызмет істеу үшін жол қыйындығына қарамай, сонау Молотов қаласынан келдім.

Зайцевке еңалдымен Пороховскийдің жас талдай піліп, құлыншақтай құлшыңғаны ұнады. Алыстан ат арытып «әдейі» іздеп келгендігі оның жүрегіні жібітпн жіберді. Көп кешікпей ол Зайцевтің көмегімен аудандық банкке бас бухгалтер болып орналасты да.  
Көктен тілегені жерден табылған Пороховский бұл қызметке өзіне тән «ыждаһаттықпен» кіресті. Бастықтарының алдында маңдайы жерге тигенше бас иіп, бағыныштылары алдында қарақұсы жауырынына жеткенше шалқайды. Сондықтан да болу керек, Зайцев кездескен

жанға жаңа бухгалтерді мақтап, жер-жерке сыйғызады.  
—Шіркін, Николай іскер адам ғой, — дейтін болды ол, — Тіпті жу бастап қуырдақтық ет алатын адам.

Зайцев жаңылапты —өз қалтасы дегенде Пороховский шынында да арын сататын адам екен. Көп кешікпей-ақ ол финанс орындарында істегеніме 15 жыл 11 ай болды деген справканы Зайцевтің алдына жайды да салды.  
—Менің стажым үшін 25 процент артық айлық төленуі керек, — деді ол Зайцевке. — Бар өмірімді финанс шаруашылығын нығайтуға жұмсап келемін ғой, көмектесіңіз.

Банк қызметкерлерінің қарсылық білдіргеніне қарамастан, Зайцевтің председателдігімен құрылған комиссия Пороховскийге стажы үшін артық ақша төлеуге шешімге келді. Ол ол-ма, «көп жылдық мінез еңбегі үшін» ол үкмет наградасына да ұсынылды. Зайцевтің ашық ауыздылығын пайдаланған алаяқ аз уақыт ішінде «стажы үшін» мемлекеттен 15 мың сомнан астам ақшаны заңсыз алып үлгерді.

Булаевта Пороховский алдан үлгерген ашық ауыз жалғыз Зайцев болмапты. Оның қатарына аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Пищур да қосылыпты. Мәселе былай болған еді:

Аудандық банкте бас бухгалтер болу үшін онжылдық немесе арнаулы білім керек. Ал Пороховскийдің ондай мамандығы жоқ. Бірақ ол бұған қысылмады. Әдемі киініп, аудандық оқу бөліміне барды.

—Мен онжылдықты бітірген көмелеттік аттестатымды жоғалттым. Соған көшірме беріңіз, — деп жалынды ол Пищурге.

Ал Пищур болса аудандық мекеменің басшы қызметкерінің көңілін жылға алмады. Тіпті архивті тексеруге де бағылы бармады. Аз уақыт ішінде Пороховскийге «1953 жылы орта мектепті бітірген» деген аттестат берін те үлгерді.

Араны үшін арын сатып, мемлекетті де, жолдастарын да алдап жүрген «орта білімді», «көп жылғы стажы» бар, бухгалтердің шын бет пердесі осындай. Ал оның осы уақытқа дейін әшкереленбей жүру себебі аудандық финанс бөлімінің меңгерушісі Зайцевке ғана мәлім.

Т. ЕСІЛОВ,  
Б. ЖОЛАНОВ.

### Редакцияға хат

### ЕРКІНСІГЕН ҮШЕУ

«Петропавлстрой» тресінің автомобиль базасында бірінен-бірі екі елі айырмалас үш адам бар. Оларды достастырған дәнекер қолдаушы мамандар да оның табын

номерлі жүк машинасы бөліні. Дрыгайловтың, оның шофері Еремевконың отын, шөлтерін база машинасымен ақысыз тауып, олардың қолдаушы мамандары да оның табын



# Ғылымдағы үлкен жаңалық

Ғылым мен техника қарыштай дамып келеді. Көше ғана қыял дүниесінде, жүзеге аспамай болып келген нәрсе бүгін адам өмірінен берік орын алуға...

Мына бір жаңы алайық: біздің заманымызда бұрын-соңды болып көрмеген жүшті қуат көзі—атом қуаты адамзаттың игілігіне айналды отыр. Мұның өзі кезіргі дәуірді «атом ғасыры» деп айтуға негіз болатын сыяқты. Бірақ бұлай деу, тұрасы, сыңаржақ пікір болып шығар өді. Атом қуатының сырын ашу—біздің заманымызды бейнелейтін факторлардың тек бірі ғана. Ал нақ атом қуаты сыяқты, өндірісін жүштердің өркендеуі үшін, материалдық әл-ауқат пен мәдениетті арттыру үшін аса зор маңызды басқа да факторлар бар.

Ендеше бұл факторлар қандай? Әңгімемізді түп төркінінен бастайық. Елімізде зор қуат көздері үздіксіз артуға, қуатты су электр станциялары салынып жатыр, дүние жүзінде ең тұңғыш рет атом қуатымен жүретін электр станциясы салынды. Ал осындай орасан қуат көздері не мақсатқа жұмсалды, қайда бағытталады?

Біздің заманымызда қуат көздері механизмдер мен машиналарды қозғалысқа келтіру үшін керек, ал бұл механизмдер мен машиналар адамды ауыр еңбектен, көп күш жұмсауды керек ететін дене еңбегінен босатады. Тазадағы болашақта адам еңбегі қолданылатын учасқолардың тіпті бәрінде де, өндірістің ұйымдастырылуы мен мөлшерін ескере келгенде ақылға қонымы болып шығатын жерлерде, адамның дене еңбегін машиналар мен механизмдердің жұмысы ауыстыратын болады. Жекелеген операциялар мен өндірістік процестерді механикаландырудан тұтас өндірістік процестерді механикаландыруға, цехтар мен заводтарды автоматтандыруға көшетін кез де болады.

Алайда, адам қызметінің барлық салаларында да дене еңбегін механикаландырудың жаңашай енгізілуі жаңа проблема туғызады. Бұл —осы машиналар мен механизмдерді басқару проблемасы. Егер ғылым мен техника тек дене еңбегін ғана механикаландырып, механизмдерді жүргізу, басқару функциясын адамның өзінде қалдырса, онда мұның өзі, біздіңше, өлден қалайсыз болар еді. Бұлай болған күнде адамның дене еңбегін механикаландырып отырған бүкіл техниканың дамуында зор перспективалар болмас еді, өйткені машиналардың өнімділігіне, тез жұмыс істеуіне, өзара жүрелі байланыс жасауына және басқа да қызметтеріне табиғи көдергі кесе қолденен тұрар, еді. Бұл табиғи көдергі мынада: адам механизмдерде болып жатқан өзгерістерге тез ілесе алмайды. Мұндай жағдайға тезің

объектінің жұмысын ұйымдастыратын басқару системасы да бар. Басқару системасы объектілермен мынандай каналдар арқылы байланысады:

- 1) тікелей байланыс каналы, бұл арқылы басқару системасынан басқару сигналдары объектіне барады;
- 2) кері байланыс каналы, бұл арқылы басқару системасына объектінен оның жай-күйі туралы хабар түседі.

Кибернетика негізгі үш бөлімнен құралады: 1) хабарларды қорытудың жалпы статистикалық теориясы ретіндегі хабар теориясы; 2) жекелеген ойлау процестерін модельдеу теориясы ретіндегі электрон есен машиналарының теориясы; 3) автоматты басқару системасының теориясы, бұған жануарлар мен адамның жүйке жүйесінің, сезім мүшелерінің және басқа да мүшелерінің жұмыс процестерін зерттеу, сондай-ақ электр тіркестерінің жалпы теориясы да енеді.

Кибернетиканың екінші бөліміне тоқталайық. Әңгіме математикалық машиналар туралы болмақ.

Ой қызметінің басқа салаларының ішінде математикалық есептеулер ең бірінші болып кеңінен және жан-жақты механикаландырылды. Сөйтіп мұның өзі ой қызметін механикаландыру саласындағы бүкіл теориялық, сондай-ақ практикалық жұмыстардың бастамасы, кибернетиканың негізі болып табылады.

Электротехниканың, электрониканың, және импульстық техниканың өркендеуі негізінде машина жасау өнеркәсібі соңғы жылдарда есеп машиналарының жаңа үлгілерін шығаруда зор табысқа жетісті. Мысалы, осындай машиналардың бірі он орынды екі санды 0.00005 секунд ішінде қосады, яғни бір секундта он орынды сандарды 20000 рет қосып үлгеруге болады. Ал осындай екі санды көбейтуге небары 0.0005 секунд уақыт кетеді, яғни секундтың он орынды сандарды 2000 рет көбейтіп шығуға болады өкпен.

Тағы бір мысал. Ауа райының қандай болатынын бір тәулік бұрын айту үшін ондық сандармен бір миллиард математикалық операция орындау керек. Есеп машинасының көмегімен мұны 2,5 сағат ішінде-ақ орындауға болады. Ал машинасыз бұл операцияға тұтас 15 күн уақыт кеткен болар еді. Есеп машинасы ауа райын 90 процент дәлдікпен белгілейді, мұның өзі бұрын ойға алуға да болмайтын іс еді.

Кезіргі математикалық машиналармен өндіріс процестерінде қолдану мәселесі шешілуде. Мәселен, «ИМБ» типті машина металл жонатын станокты автоматтық басқару үшін қолданылады.

Математикалық машиналар физико-

да елеулі қиындықтар туады. Сондықтан да лингвистерден (тіл мамандарынан) тіл ерекшеліктерін неғұрлым мұқият талдау, тіл заңдылықтарын математикалық және логикалық жағынан түсіндіру мүмкіндігі тұрғысынан қайтадан қарастыру және тереңірек зерттей түсу және басқалары талап етіледі.

Математикалық машиналармен шахмат, дойбы және басқа ойындар ойнауға болады.

Машинаның шахмат ойынына байланысты жұмыс тәртібін жасау үшін ең алдымен фигуралардың салыстырмалы күші туралы шкала енгізіледі және позиция индексі белгіленеді. Бірақ бұл индексе екі жақты да фигураларының күшін ғана көрсетугемен шектелмейді, сонымен бірге оған фигуралардың орналасуын бағалайтын қандай да болса бір көрсеткіштер енгізілуі тиіс. Онан соң, егер фигуралардың күшін көрсету үшін небары салыстырмалы шкала ғана жеткілікті болса, позицияны бағалайтын шкала енгізу өлден қиын. Өйткені ойыншының өзіндік ерекшелігі, көп жүрістің ішінен бір жүрісті тандауы, оның позицияны қалай бағалайтындығына байланысты ойд. Сондықтан да позиция бағалау шкаласын жасау мәселесінде ойын тактикасы бейнеленетін болады.

Ойын тактикасының түр-түрі бар. Шабуыл тактикасы болғанда бір ойыншының фигуралары қарсы жақтың территориясына өтіп алып, оның короліне тікелей қауіп төндіргені жоғары бағаланады. Қарсылық тактикасында ойыншының фигуралары өз территориясында орналасып, өз короліне шабуыл жасалатын әлсіз пункттерді берік қорғайтын болуы керек. Тактика комбинациялық та болуы мүмкін. Мұнда бағалау шкаласында позицияның қайсыбір тиімділігі фигураның немесе пешканың материалдық құндылығынан артық саналады, демек позициялық үстемдікке жету үшін фигура немесе пешка әдейі ұтқызылады және т. б.

Сонымен, жоғарыда айтылғандарға сәйкес, машинаға позиция индексісін есептеп шығару ережесі енгізіледі, соған кейін машина ойыншының және оған қарсы жақтың мүмкін деген 5-6 жүрістерінің бірнеше варианттарынан туатын позицияларды бағалай келе, солардың ішіндегі ең көп индексі барын тандап алып, жүріс белгілейді.

Математикалық машиналармен шахмат ойнау мәселесі зерттеушілердің назарын тектен текке аударған жоқ. Мұнда басқару системасында туған жаңа факторға—алға қойылған мақсатқа жету тактикасы факторына көңіл бөлу қажет. Бұл жерде

## Румын-совет достығының айлығы

БУХАРЕСТ, 7 октябрь. (ТАСС). Бүгін Румынияда румын-совет достығының айлығы басталды. Барлық орталық газеттер бұл оқиғаға басмақалалар арнауға.

Румын-совет достығының айлығымен және Совет Одағы мен достық байланыс жасайтын румын қоғамының (АРЛУС) ерлер ашылатын төртінші съезімен байланысты Бухарестке ССРО Юстиция министрінің бірінші орынбасары П. И. Кудрявцев бастаған совет делегациясы келді. Сол сыяқты, Болгариядан, Венгриядан, Чехословакиядан, Польшадан, Финляндиядан, Австриядан тағы басқа елдерден делегациялар келді.

## Индияда металл өңдейтін станоктар жасайтын алғашқы заводтың ашылуы

ДЕЛИ, 7 октябрь. (ТАСС). «Хиндустан стандарт» газетінің хабарлауына қарағанда, көше Джалахалиде Бангалор маңында Индиядағы алғашқы «Хиндустан машин туз» компаниясының металл өңдейтін станоктар жасау заводы салтанатты ашылды.

Заводты ашуда сөз сөйлеп, премьер-министр Неру елдегі өндірісті тез арада арттырудың қажеттілігін атап көрсетті және сонымен бірге Индияның өнеркәсіп жағынан өркендеуіне басқа елдердің қатысуын жақтады.

## Өзара электр қуатын алысу туралы Чехословакия мен Австрия арасындағы келісім

ВЕНА, 7 октябрь. (ТАСС). Баспасөздің хабарлауынаша, 4 октябрьде Венада Чехословакия өкілдері мен Австрияның акционерлік электротехникалық қоғамының өкілдері арасында екі елдің арасында электр қуаттарын алысу мақсатымен ынтымақтау жөніндегі келіссөздер аяқталды.

Келіссөздердің нәтижесінде қол қойылған протоколдың негізінде акционерлік электротехникалық қоғам жас айларында Чехословакияға Австрияның су электр станциялары шығаратын электр қуатын береді. Протоколда сонымен бірге авария бола қалған жағдайда өзара көмек көрсетуі көзделген. Газеттердің атап көрсетулеріне қарағанда, келіссөздер достық жағдайда, өзара түсінісу рухында өткен.

## Дүние жүзіндегі астаналар мэрлері съезінің жабылуы

ФЛОРЕНЦИЯ, 6 октябрь. (ТАСС). 5 октябрьде дүние жүзінің астаналар мэрлері съезінің қорытынды мәжілісінде Флоренцияның мэрі Ла Пира құрамында Ла Пира, Яенов (Москва) және Уилкинсон (Лондон) болған комитет өзірлеген қарарды жариялады.

Қарарда былай делінген: «1955 жылғы октябрьдің 2-нен 6-на дейін Флоренцияда мәжілістер өткізген біздер, дүние жүзінің 37 елі астаналарының мэрлері және мэрлерінің өкілдері, мынадай қарарды бірауыздан мақұлдаймыз:

1. Қалалардың бүкіл адамзат үшін өмірлік маңызы бар рухани және материалдық мұра қорындағы құндылығын қуаттаймыз, бұл мұраны өткендегі ұрпақтар оған әрі өзелеп арттыра беру үшін, бірақ ешбір жағдайда ысырап етпеу үшін және оны болашақтағы ұрпақтарға тапсыру үшін кезіргі ұрпақтарға зекің қалдырған болатын.

2. Егер көптеген ұрпақтардың еңбегімен жасалып, жыйнақталған осы қасиетті мұра соғыстың салдарынан талқандалатын болса, онда адамзат цивилизациясына қарсы бағытталған әрекет жасалған болар еді және бүкіл адамзаттың кезіргі ұрпағына ғана емес, сонымен бірге болашақтағы ұрпақтарына да орны толмайтын материалдық және моральдік зиян келтірілген болар еді деп мәлімдейміз.

3. Сондықтан біз халықтардың тағдыры үшін жауап беретін қайраткерлерді соғыстан бастартуға, тек бейбіт және конструктивтік келіссөздер жүргізу әдісі ғана қолдана отырып, халықаралық даулы мәселелерді ынтымақтау рухында шешуге шақырамыз.

Мұның үстіне біз техникалық, экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени және діни салалардағы бейбіт байланыстарды бұрғығылан анағұрлым дамыту үшін әртүрлі елдердің арасында жемісті қатынастарды ұлғайтып, ыңғайтуға сөйтіп, барлық халықтар арасындағы әділетті, баянда нәрменді бейбітшілікке ұмтылуға шақырамыз».

Бұл қарар дауысқа қойылып, бірауыздан қабылданды.

Флоренцияның мэрі Ла Пира мынаны

## Француз үкметінде алауыздықтардың шиеленісуі ТӨРТ МИНИСТРДІҢ ОРНЫНАН ТҮСУІ

ПАРИЖ, 6 октябрь. (ТАСС). Баспасөздің хабарларына қарағанда, бүгін таңертең министрлер советінің мәжілісі болуға тиіс еді. Бірақ үкмет мүшелерінің арасындағы алауыздықтардың шиеленісуі салдарынан бұл мәжіліс кейінге қалдырылған. Министрлер советінің шеңесі хабар жарияланды, онда былай делінген: үкметтің басшысы Эдгар Фор Канцлер

хабарлады: бұл қарар Біріккен Ұлттар Ұйымына, БҰҰ-ға мүше мемлекеттердің үкмет басшыларына, Женевада болатын кеңеске жыйналатын төрт державаның сыртқы істер министрлеріне және дүние жүзіндегі барлық астаналардың мэрлеріне жіберіледі. Бұдан кейін съезге қатысушылар Бухарест қалалық халықтық Советі аяқару комитетінің председатели С. Балавның —Біріккен Ұлттар Ұйымына осы съезге қатысушылардың бейбітшілікке ұмтылған талабын білдіретін арнаулы хат жолдансын деген ұсынысын мақұлдаты.

«Бүкіл дүние жүзінде баянды және ұзақ бейбітшілік орнайтын болуына жауапды тілек білдіре отырып, —делінген бұл арнаулы хатта,— біз БҰҰ Бас Ассамблеясының атом қаруына тыйым салу саласында, шын мәнісінде қарусыздандыру ісін жүргізуде және барлық халықтардың тәуелсіздігі мен ұлттық суверенитетін құрметтеу негізінде Европа мен бүкіл дүние жүзінің барлық елдерінің коллективтік қауіпсіздік системасын құруда мүмкіндігінше тезірек жақсы нәтижеге жету үшін біздің астаналарымыздың миллиондаған азаматтары атынан бұрғығылан да зор күш-жігер жұмсауды сұраймыз».

Бұдан кейін съездің жұмыстарына қатысқан барлық мэрлер (мәжілісте болмаған Уичито қаласының (АҚШ) мэрі Де Ворссдан басқалары) грек және латын тілдерінде өзірленген, шертаменше жазылған документке қол қойды: «Флоренцияда Палаццо Веккьята, Чинкученто залында жыйналған барлық астаналардың мэрлері бір-біріне баянды бейбітшілік және адал ниетті достық орнатуға уәде береді».

Лондон муниципалитет советінің өкілі Уилкинсон барлық қатысушылардың атынан Ла Пираға оның бейбітшілікке жетуге бағытталған негізгі және жемісті инициативасы үшін және Флоренцияның ұйымдары мен халықтың ұрпақтарды қоспеметпен қабыл алғаны үшін алғыс айтты.

Бүгін съезге қатысушылар қасына ертен Ла Пирамен бірге Флоренциядағы және оның төңірегіндегі тарихи ескерлікшесті аралап көрді.

басқаруды механикаландырумен, яғни бұл жерде де адам еңбегін машинаға орындатумен тікелей шұғылдану қажет болды.

Бірақ басқару дегеніміз дене еңбегіне емес, ой еңбегі саласында жатады ғой! Бұлай болғаннан кейін адам мыйының жұмысын механизмдер мен машиналарға жүктеу мүмкін бе? Адам мыйының қайсыбір функцияларын адамның өзі жасаған аспаптар атқара алар ма екен!

Ең тамашасы сол, бұл пікір теріске шығарылмайды. Ия, адам мыйы қызметінің белгілі бөлегін механикаландыруға өбден болады. Сонымен бірге, ғылым мен техника бұл салада неғұрлым тереңірек жұмыс істеген сайын солғұрлым ой еңбегі де жеңірек механикаландырыла береді.

Механикаландырылған басқару системасы орасан зор шапшаңдық қыймыл жасайтын болуға тиіс, ал мұның өзі басқарылатын объектідегі өзгерістерді лезде сезініп, ол объектінің қызметін бір сәттен екіншісіне бір, тіпті жүзден бір үлесіне де тоқтатпай, оған лезде ықпал жасау үшін керек. Басқарудың бар мәнісі де осында.

Ендігі жерде басқарушы құралдарды жасаудың жалпы теориясын, жалпы принциптерін жасау міндеті тұды. Міне, осындай жалпы теория жасау мақсатына КИБЕРНЕТИКА қызмет етеді.

Кибернетика — ғылымдары жаңа бағыт, үлкен жаңалық. Ол осы соңғы жылдарда ғана тұтан. Кибернетика басқарылатын аралдан системалардағы басқару мен байланыстардың жалпы мәселелері жөніндегі теориялардың, гипотезалар мен пікірлердің жыйынтығы болып табылады. (Кибернетика — гректің «кибернетос» деген сөзі, «жетекші» дегенді білдіреді, ал ауыспалы мағынасы — «басқару»).

Схема түрінде алғанда, кибернетика былай түсіндіріледі:

Айталық, қайсыбір функцияларды орындаушы объект бар. Сондай-ақ, бұл

объект де енгізуде, мәселен, жүрек қызметінің процесін көрсететін электрон моделі бар. Модельдің жұмыс программасы қалыпты жұмыс істейтін кәдімгі жүректің кардиограммасына сәйкес келетін кардиограмманы бейнелейді. Бұл модель жүрек ауруларын анықтау үшін қолданылады. Бұл салада жасалған бірқатар тәжірибелер кибернетика арқылы физика-математикалық зерттеу әдістерінің физиологияға өнуі және, жерісінше, физиологиялық зерттеу әдістерінің техникаға да өнуі өбден мүмкін екендігін көрсетіп отыр.

Жүрек мәлім, аударманың мамандығы жоғары оқу орындарында арнаулы даярлықтан өтуді, кем дегенде екі тілдегі әдебиетті де жақсы білуді, жан-жақты, терең білімді болуды талап ететін мамандық деп есептеледі. Сөйте тұра, аудармашылық жұмысты математикалық машиналар да атқара алатын көрінеді.

Түшнуканың тексті белгілі шифр бойынша цифр түрінде машинаға түседі де, енгізілген программаға сәйкес, машина өзіне келіп түскен сөйлемді грамматикалық элементтеріне қарай ажыратып, әрбір сөзді түбір мен қосымшаға бөледі. Машинаға біраз сөздік көр енгізіліп, онда түшнукка тілі мен аударма тіліндегі сөздердің негізгі түбірлері болуға тиіс, ал қосымшаларды, грамматикалық байланыстарды машинаның өзі есептеп шығарады. Машинаның программасында белгілі заңдылықтар болуға тиіс, мәселен, сөздің түбірі және оның грамматикалық сыйпаттары белгілі болса, сөйлемдегі сөздің қай тұлғада тұрғандығын машина есептеп шығарады, содан кейін бұл сөздер сөйлем болып біріктіріліп, сөздер сөйлемдегі орындарына қарай орналас-тырылады да, тыныс белгілері қойылып шығады. Сөйтін берілген сөйлемнің аудармасы аяқталады.

Әрине, мұнда климдық тіркестерді аударуда, бірқатар синонимдердің ішінен неғұрлым сәйкес келетін сөзді таңдап алуда және басқа да көптеген жағдайлар-

жасайды, соның өзінде олардың әрқайсысының өз мақсаты бар. Осыған байланысты жаңа қыйыншылықтар туып отыр да, бұл мәселе онан әрі зерттелуде. Әзірге анықталғаны — кибернетиканың «статистикалар теориясы» дейтін жаңа тарауын жасау керектігі.

Бірақ сөз Қазақ ССР Ғылым академиясының машина математикасы лабораториясы туралы.

Машина математикасы — біздің академия үшін жаңа нәрсе, ол бұдан екі жыл бұрын ғана құрыла бастады. Лаборатория ғылыми-зерттеу мекемелері мен өнеркәсіп орындарына көмек көрсетуді өзіне міндет етіп қойды. Мәселен, өткен жылы ССРО Қара металлургия министрінің біздің лабораторияның қатысуымен пайдалы кен қазбаларының запастарын есептеп шығаруды механикаландыру әдістері жасалды. Болашақта пайдалы кен қазбаларының Қазақстандағы запастарын да есептеп шығаруды механикаландыру белгіленіп отыр. Алдағы бесжылдықта орыс тілінен қазақ тіліне және қазақ тілінен орыс тіліне аударуды механикаландыру жүзеге асырылады.

Адамның ой қызметін механикаландырудың жалпы алғанда кейбір мәселелері міне осындай. Ғылыми бағыт ретінде, ғылымдағы жаңалық ретінде кибернетика өлі мүлде жас, ол өлі қалыптасу кезеңін басынан көшіріп отыр. Бүгінгі жұннің аса маңызды техникалық проблемасына — адамның ой қызметінің жекелеген участоктерін механикаландыруға, өндіретін процестерді басқаруды автоматтандыруға жауап беретін бұл жаңа бағыт өте-өте перспективалы ғылыми бағыттардың бірі болып табылады, ол бірыңғай жалпы теория негізінде бұрын өзара байланыста болмаған ғылымның әр салаларын біріктіреді.

К. ТИЛЕГЕНОВ,

Қазақ ССР Ғылым академиясының машина және есептеу математикасы лабораториясының аспиранты.

### Грециядағы жағдай

АФИНА, 6 октябрь. (ТАСС). Беше премьер-министрдің екі орынбасары Канеллопулос пен Стефанопулосстың орын-дарынан түсетіндігін мәлімдегеннен кейін, король «грек жыйыны» партиясының депутаты Панагос үкіметіндегі қоғамдық жұмыстар және транспорт министрі Константин Караманлиске үкімет құруды тапсырған.

Караманлис журналистерге мәлімдеме айтып, өзінің құрған үкіметі парламенттің көзіргі көпшілігіне сүйенетіндігін білдірген.

«Атинахки» газетінің айтуынша, «үкімет дағдарысының күшескен жерден реттелуі» (яғни жаңа үкіметті құру Караманлиске тапсырылуы) «американ елшісі Кеннонның ересесуінен болып отыр» өйткені ол «үкімет дағдарысын тезірек тоқтатуды ұсыныпты-мыс».

Баспасөздің хабарлауынша, бүгін оппозициялық партиялардың басшылары жекес өткізіп, Караманлистің үкіметі жөніндегі өздерінің ұстайтын бағыттарын белгілейді.

Біртұтас демократиялық солшыл партияның басшысы Пассалидис былай деп мәлімдеген: «Караманлис үкіметінің құрылуы үкіметтік, саяси және ұлттық дағдарысты шиеленістіріп, қыйындата түседі. Караманлис үкіметінің құрылуы парламентті таратып, жалпыға бірдей парламенттік сайлау өткізу жөніндегі бүкілхалықтық талапқа қайшы келеді».

Алеуәзмен келіссөздер жүргізілгеннен кейін Люксембургтен қайтып келіп және «әлеуметтік республикашылар тобына жататын кейбір министрлердің (бұрынғы деголлыштердің. —Ред) позициясы туралы естіріп, бұларды дереу шақырып алды да оларға орындарынан түсу туралы мәлімдеме жасауды ұсынды».

Өңірге оңшыл «әлеуметтік республикашылар» тобының үкіметтегі өкілдері жайында болып отыр, бұлар Эдгар Фордың Солтүстік Африкадағы, атап айтқанда, Мароккодағы саясатына келіспей келген. Портфельді министр Гастон Палевский, ұлттық қорғаныс министрі генерал Кенниг, бұрынғы майданшылар істері жөніндегі министр Раймон Трибуле, теңіздің арғы жағындағы территориялар істері жөніндегі стат секретары Морис Бейру орындарынан түскен.

«Әлеуметтік республикашылар» тобының бір ғана өкілі — қоғамдық жұмыстар,

### Араб елдерінің жұртшылығы Египеттің позициясын мақұлдауда

БЕЙРУТ, 7 октябрь. (ТАСС). «Телеграф» газетінің хабарлауынша, Алеппо қаласындағы (Халеб) сириялық 120 адвокат Египеттің премьер-министрі Абдель Насерге хат жолдаған, хатта адвокаттар Насердің «Египетті қаруандыру, араб елдерін империалистік мемлекеттердің қарауында ұстап қалуды өздеріне мақсат ететін империалистердің маневрлері мен олардың қастандықтарын әшке-

лімен орнынан түсуін талап етуде.

Журналистер топтарында мынадай пікір айтылуда: үкіметтің және оны қолдайтын партиялардың ішіндегі алауыздықтардың шиеленісуі Солтүстік Африкадағы елеулі жағдайдан ғана туып отырған жоқ, сонымен бірге әртүрлі қыйыншылықтардан және сыртқы саясат сыйпаттарындағы өзгешдіктерден де туып отыр.

ПАРИЖ, 6 октябрь. (ТАСС). Бүгін бұрын белгіленген мерзімінен сәл көшірек министрлер сөзетінің мажбүрі болып, бұл мажбүсте орнынан түскен министрлер болмаған.

Франс Пресс агенттігінің хабарлауынша, министрлер сөзеті үкіметтің Мароккодағы саясаты ұлттық жыйналыста талқыланған кезде, мұның қажеті болғандай күште, сенім көрсету туралы мәселе қоюға үкіметтің басшысы Эдгар Форға уәкілдік берген.

релеу ісіндегі батыл қадаммен» мақұлдаған.

БЕЙРУТ, 7 октябрь. (ТАСС). «Аль-Айям» газетінің хабарлауынша, ұлттық еңбектің Сирия лигасының секретары Шафик Сулейман лиганың атынан Абдель Насерге телеграмма жолдап, онда Чехословакиядан қару-жарақ сатып алудағы Египеттің қарарын қолдаған.

Редактор Г. МУХАМЕДЖАНОВ.

### КИНОЛАРДА

«УДАРНИК» кинотеатрында

«СОЛДАТ ИВАН БРОВКИН»

Сеанстар сағат 2-20, 4-30, 6-40, 8-50 және 11-де басталады.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

«ДУМАНДЫ ЖЕРДЕ»

Сеанстар кешкі сағат 9 және 11-де басталады.

Көктемде қар еріген кезде жолдарды бүлінуден сақтау, сол сыяқты көктемде және қыс кезінде қаланы неғұрлым тез тазарту мақсатымен еңбекшілер депутаттарының қалалық Совет аткомі және қалалық партия комитеті бүгін, 9 октябрьде қаланы көркейту және тазарту жөнінде жалпы қалалық жексенбілік өткізеді.

Жексенбілік кезінде барлық кәсіпорындары мен ұйымдардың басшылары, жеке үй иелері өз территорияларын, қораларын және жапсарлас көшелерді толық тазарту жөніндегі жұмыстарды толық жүргізуге міндетті.

Қоралар, тротуарлар, новеттер сыпырындылар мен көң-қоқырдан тазартылсын.

Дуалдар, қақпалар сырлансын және үйлердің фасадтары өңтелсін.

Кюветі жоқ жерлерде кюветтер қазылсын.

Территориялар мен көшелерге күзде ағаш отырғызу ісі жүргізілсін.

## Қала бойынша футболдан бірінші орын алу жарысы

Бұл күндері қаланың стадиондарында қала бойынша футболдан бірінші орын алу жарысы өткізілуде. Жарысқа қатысушылар екі топқа бөлінген. Бірінші топта «Локомотив», «Энергия» және «Пищевик» ерікті спорт қорамдарының командалары ойнауда. Ал, екінші топта «Буревестник», «Динамо», «Спартак» ерікті спорт қорамдары мен жылу электр орталығының және вагон жөндеу депосының футбол командалары бар. Футболдан қала бойынша бірінші орын алу жарысы осы жылы 17 октябрьге дейін созылады. Бұрнағы күні «Энергия» стадионында

«Энергия» — «Пищевик» ерікті спорт қорамдарының футбол командалары кездесті. Бұл ойынды көруге қаланың көптеген еңбекшілері келді. Ойынның барысында екі команда алма-кезек шабуылға шығып тұрды. Ойынның бірінші таймы ешбір нәтиже бермеді. Командалардың бірде-бірі қақпаға доп өткізіп, есеп аша алмады. Тек екінші таймда ғана «Пищевик» командасы инициативаны өз қолына алып, шабуылға шықты. Сөйтін энергиялықтардың қақпасына доп өткізіп есеп ашты. Бұдан кейін ойын аяғына дейін еш өзгеріс болған жоқ.

Осы стадионда «Буревестник» — жылу электр орталығының футбол командалары кездесті. «Буревестник» командасының футболшылары спорттың бұл түрін айтарлықтай меңгергендіктерін байқатты. Олар ойын басталысымен шабуылға шығып, жылу электр орталығы командасының қақпасына бірнеше доп өткізді. Бұл ойын 6 : 0 есебімен, «Буревестник» ерікті спорт қорамы командасының тамаша жеңісімен аяқталды.

М. НҮРКЕНОВ.



РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.